ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ аЙЫ

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 126 (575) // 17 қараша // сейсенбі // 2026 жыл

ІС ПЕН НӘТИЖЕ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ



Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов Іле ауданының халқымен кездесті. Жиында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы баяндалып, тұрғындарға есеп берілді. Сондай-ақ өзекті мәселелер көтеріліп, жергілікті тұрғындар көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Бүгінде облыс бюджетінің 50 пайызға жуығын Іле ауданы қамтып отыр. Биылғы тоғыз айда аудандық бюджеттің жалпы кірісі 512 млрд теңгеге жетті. Жыл басынан 17 ірі және орта жоба іске қосылып, инвестиция көлемі 210 млрд теңгені құрады. Нәтижесінде 1200-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды. Одан бөлек жыл соңына дейін жалпы құны 12 млрд теңге болатын үш ірі жоба іске қосылып, 300-ден астам тұрғын жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Инвестиция кәсіпорындарға ғана емес, әлеуметтік салаларға да тартылуда. Атап айтқанда, Өтеген батырда жаңа спорт кешені ашылса, Байсерке ауылында картинг орталығының құрылысы жүргізілуде. Аймақ басшысының сөзінше, облысқа тартылған жалпы инвестицияның 25,7%-ы Іле ауданына тиесілі, соның нәтижесінде аудандар арасында көш бастап тұр.

Жиында облыс әкімі қауіпсіздік инфрақұрылымын дамыту, тұрғындарға жайлы жағдай жасау және саяжай мәселесіне кеңінен тоқталды. Мысалы, дәл осы Іле ауданының Нұрғиса Тілендиев ауылында әмбебап бекет пайдалануға берілді. Бұл нысанның ерекшелігі – жедел жәрдем, полиция және өрт сөндіру қызметінің бір нүктеде шоғырлануы. Тұрғындардың жайлы өмірі үшін Өтеген батыр ауылындағы Титов көшесіне абаттандыру жұмысы жүргізілді. Жоба аясында 2,6 шақырым жаяу жүргіншілер жолы мен 4 мың шаршы метрге жуық аллеяға жарықтандыру, көгалдандыру, суару жүйелері орнатылды, сондай-ақ балалар және спорт алаңдары, демалыс аймақтары салынды. Ал Ащыбұлақ ауылдық округіндегі «Жомарт» саяжайында құны 1,7 млрд теңге болатын су желісінің құрылысы толық аяқталды. Нәтижесінде 6 мыңға жуық тұрғын орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілді. Оған қоса биыл ауданның 17 ауылында жалпы ұзындығы 78 шақырым автомобиль жолын орташа жөндеуге 3,2 млрд теңге бөлініп, жөндеу жұмысы толығымен аяқталды. Осылайша, барлығы 107 көше жөндеуден өтті.

Соңғы жылдары саяжайды жыл он екі ай паналайтын тұрғындардың саны артып келеді. Осыған байланысты Көккайнар, Жәпек батыр, Асқар Тоқпанов және Жайнақ ауылдарының Бас жоспарлары бекітіліп, олардың шекарасына 61 саяжай енгізілді. Қалған 49 саяжай кезең-кезеңімен елдімекендер аумағына кіретін болады.

«Алдағы уақытта да ауданның әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, халықты әлеуметтік қолдау және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Өңірдегі өзекті мәселелердің бірі – үшауысымды мектептер. Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетовтің сөзінше, мұны шешу үшін биыл «Келешек мектептері» жобасы аясында Нұрғиса Тілендиев ауылында 900 орынды жаңа мектеп қолданысқа берілді. Сондай-ақ Өтеген батыр, Байсерке және Жайнақ ауылдарында жеке инвестор қаражаты есебінен мектеп құрылысын бастау жоспарлануда.

Мәдениет саласы бойынша Боралдай кентіндегі 280 орынды жаңа Мәдениет үйін жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Одан бөлек Асқар Тоқпанов ауылында 280 орынды Мәдениет үйінің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданды.

Медициналық қызмет сапасын жақсарту мақсатында келесі жылдың басында Өтеген батыр ауылында құны 10 млрд теңге болатын 125 орынды перзентхана бой көтереді.

Жиын барысында тұрғындар түйткілді мәселелерді көтеріп, жауапты мамандардың түсіндірмесін тыңдады.



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

(Соңы 2-бетте)

АБДОЛЛА ҚАРСАҚБАЕВ – 100

Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде белгілі кинорежиссер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдығына арналған шара өтті. Облыс әкімдігі ұйымдастырған «Қазақ киносының құлагері» атты мерейтойлық қорытынды кешке елге белгілі мәдениет және өнер майталмандары, зиялы қауым, облыс және аудан басшылығы, тұрғындар қатысты.

КИНО ТАРЛАНЫНА ТАҒЗЫМ



● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Салтанатты жиында Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев жиналған қауымға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаевтың құттықтауын оқып берді. Онда: «Биыл көрнекті кинорежиссер, қазақ кино өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Абдолла Қарсақбаев – ұлттық кинематография тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, шығармашылығы арқылы қазақ киносының көркемдік деңгейін биікке көтерген әйгілі режиссер. Оның өмірі мен өнер жолы – отандық кино саласының қалыптасуы мен дамуының жарқын көрінісі. Режиссердің «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Алпамыс мектепке барады» сынды көркем туындылары қазақ киносының алтын қорынан лайықты орын алып, көпшілік көрерменнің жүрегіне жол тапты. Бұл фильмдерді ұлттық болмысымызды, халқымыздың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын айшықтайтын өлмес мұра деп білеміз. Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО, Түрксой халықаралық ұйымдарының деңгейінде аталып өтуі – қазақ кино өнерінің көрнекті өкілінің шығармашылық мұрасына халықаралық деңгейде көрсетілген құрметтің айқын белгісі.

(Соңы 2-бетте)

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

ДІН – ДІҢГЕГІМ!

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау күллі әлемнің Раббысы Алла Тағалаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Біз – «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген қағиданы берік ұстанған ұлтпыз. Халқымызда «Уықты басқұр сақтайды, халықты дәстүр сақтайды» деген аталы сөз бар. Расында Құдайсыз қоғам құру басты идеологияға айналған кешегі Кеңес заманында дініміз бен салтымызды сақтап қалуға дәстүріміз күшті ықпал етті. Ел арасындағы діни құлшылықтар халқымыздың дәстүрлі рәсімдері ретінде қабылданды. Оны жұртымыз жақсы біледі.

«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін күн санап түсініп келеміз. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған.

Ғұрыппен әмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі. Оған қасиетті Құран Кәрімдегі «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет» деген «Ағраф» сүресінің 199-аяты дәлел ретінде жеткілікті.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламға дейін әдет-ғұрыптан пайда болған, яғни өмірдің өзі туғызған Шариғат негіздеріне қайшы келмейтін дәстүрге тыйым салмады. Ал қазіргі кезде салт-дәстүріміздің қайнар көзі болған жиын-тойларымыз ғұрпымыз бен шариғатымызға сай өтіп жүр ме? Бұл дін мен дәстүрді ел ішінде ұдайы насихаттап жүрген бізді, дін қызметкерлері мен имамдарды ойландырмай қоймайды.

Халқымыз «Мал – баланың шашуы» дейді. Жұртымыз дүниеге сәби келісімен «шілдехана», «бесікке салу», «қырқынан шығару», уақыт өте келе «тұсау кесу», «сүндет той», «атқа мінгізу», «тоқым қағар», «тілашар» сияқты тойларын жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген. Шілдехана тойын мұсылмандық дәстүр деп айтсақ та болады. Яғни ақиқаның бір көрінісі іспеттес. Ақиқа – нәресте дүние есігін ашқанда Алла Тағаланың ұрпақ беру нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандық түрі. Демек, қазақтың шілдеханасын Шариғаттан шет кетпеген ұлттық салт деуге болады. Одан кейін үйлену, қыз ұзату тойлары, қазіргі уақыттағы әулет үлкендерінің мерейтойлары, қоныстой бар, қарап отырсақ, қазақтың тойшыл халық екені осыдан-ақ көрінеді. Алайда «Той десе, қу бас жерге домалайды» дейтін халқымыз тойшыл келгенімен, ысырапшыл болмаған.

Торқалы тойында да, топырақты өлімінде де аталарымыз ас та төк мал шашуды құп көрмеген. Қасиетті Құран Кәрімнің «Фұрқан» сүресінің 67-аятында: «Олар мал-дүниені жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та істемейді, осы екеуінің ортасын ұстайды», – деп баяндалғандай, бұрынғылардың ысырапты да ескергені, сараңдыққа да бойалдырмағаны даусыз.

Имам Журжани (Алла оны рақымына алсын): «Ысырап – көп мөлшердегі мал-мүлікті пайдасыз нәрсеге жұмсау, шығын шығару шегінен асып кету. Кейбіреулердің айтуынша, ысырап – адамның өзіне рұқсат етілмеген нәрсені жеуі немесе рұқсат етілген тағамды қажеттіліктен тыс тұтынуы. Ысырап – белгілі бір мөлшерден асып кету, яғни өзіне берілген несібенің қадірін білмеу және оны қажетсіз артық жұмсау. Бұл – бейберекет шашу», – деп түсіндірген.

Ысырапқа қатысты тағы бір келеңсіздік – құдайы астардағы дастарқан мәзірінің тойдан кем жайылмауы. «Қазалы үйде қазан көтерілмесін» деген игі дәстүр еліміздің кейбір ауылдарында әлі күнге сақталған. Шын мәнінде, бұл – қара жамылған шаңырақ үшін материалдық һәм рухани қолдау. Өйткені жақынын жоқтап отырған адамның уайым тұңғиығына еніп кетпеуі өте маңызды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осыған дейін «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдады. Аталмыш құжат ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің бірнеше мәжілісінде талқыланып, бекітілгенін ерекше атап өткен жөн. Ол құжатты қабылдаудағы негізгі мақсат – Қазақстанның барлық аймағында Шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

(Соңы 2-бетте)

КИНО ТАРЛАНЫНА ТАҒЗЫМ

(Басы 1-бетте)

Абдолла Қарсақбаевтың есімі мен өнегелі жолы қазақ кино өнерінің тарихында мәңгі сақталып, шығармашылық мұрасы келер ұрпаққа рухани бағдар болып қала берері сөзсіз. Бүгінгі «Қазақ киносының Құлагері» атты салтанатты кештің сәтті өтуіне тілектестік білдіре отырып, баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!» – делінген.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев сөз алып, облыс басшысы Шыңғыс Әріновтің ыстық ықыласын жеткізді. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ізгі құндылықтар – қоғамның иммунитеті» деген сөзі келтіріліп, жыр дүлдүлдері Сүйінбай мен Жамбыл, көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиев сияқты ұлы тұлғалардың ізі қалған қасиетті мекенде ұлт қайраткерлерінің мерейтойлары қашанда тиісті деңгейде өтетіні, ел жүрегінен орын алған әйгілі тұлға – Абдолла Қарсақбаевтың мерейтойын халықаралық деңгейде ЮНЕСКО көлемінде атап өту белгіленгені, туған жері – Алматы облысында жыл басынан бері жүздеген шара ұйымдастырылғаны атап өтілді.

«Қазақ кино өнерін халықаралық деңгейге көтерген режиссердің шығармашылық жетістіктері кейінгі ұрпаққа қашанда өнеге. Бұл болашақ ұрпақтың ұлтжанды болып өсуіне, туған еліне деген құрметінің артуына сөзсіз көмектеседі. Іс-шаралар әлі де жалғасады. Желтоқсан айында Францияның астанасы Париж қаласында ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдығына арналған мерейтойлық шара өткізілмек. Мұндай істер ұрпаққа үлгі. Ұлтқа ортақ тұлғаның артына қалдырған мұрасы – мәңгі сарқылмайтын рухани қазына. Тау алыстаған сайын асқақтай түсетіні сияқты, жылдар өткен сайын Абдолла атамыздың да шығармашылығы өз құнын жоғалтпай, еліміздің киелі сахнасынан түспейтіні хақ» делінген облыс әкімінің хатында.



– Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан перзенттерін ұлықтауда Алатаудың етегіндегі ел-жұрт қашанда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Мұнда ұлт тұлғаларының мерейтойлары үнемі жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Бұл орайда қоғам белсенділері мен данагөй қарияларымыздың белсенділігін атап өткім келеді. Олардың ұсыныстарының барлығы да облыс басшылығы тарапынан ескеріліп отырады. Бұл орайда жамбылдықтардың ауызбірлігі үлгі аларлықтай.

Абдолла Қарсақбаевтың мерейтойын жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан барлық азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін. Осындай үрдіс алдағы уақытта да жарасымды жалғасатынына сенімдімін. Ұлтқа қызмет еткен асылдарымызды ұлықтау жөніндегі шаралар мерейтойлар мен белгілі бір даталармен ғана шектелмеуі керек. Ол жүйелі түрде жүргізілетін, ұрпақ санасына сіңірілетін өнеге ретінде үздіксіз сипат алуы тиіс. Қазақ өнері мен мәдениеті үшін еткен қызметтеріңіз жемісті болсын! – деді Ғани Айдарұлы

Көпшілік алдында кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Болат Қалымбетов өзінің адам болып қалыптасуында, өнерде өз орнын табуында Абдолла ағасының көмегі зор болғанын атап өтті. Оны өзінің кинодағы әкесі санайтынын айтты. Режиссердің ықпалымен ол киноға он жасынан түсе бастаған. Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында режиссура оқытушысы екенін, сабақта Қарсақбаевтың әрбір фильмі талданатынын жеткізді.

Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы өз сөзінде Абдолла Қарсақбаевтың биылғы мерейтойына байланысты атқарылған шараларға тоқталды. Өнер академиясында А.Қарсақбаев кабинеті ашылып, екі жинақ жарыққа шыққанын, оқу орнының кафедра меңгерушісі Ержан Жұмабек А.Қарсақбаев шығармалары жөнінде докторлық диссертация қорғағанын тілге тиек етті. Осы орайда облыстық мәдениет басқармасы да көптеген игі іс атқарған. Кітапханалар, Ұлттық орталық музей, Қарсақбаев атындағы мектеп, тағы басқа мекемелер тағылымды кештер өткізді. Жамбыл ауданының барлық мектептері мен Мәдениет үйлері фильмдерін көрсетті.

– «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, мерейтойды биік дәрежеде мазмұнды өткізуге облысқа әкім болып келген Шыңғыс Сайранұлы ерекше ықпал етіп, үлкен көмек көрсетті. Облыстың қолдауымен арнайы делегация Түрксой ұйымы Стамбулда өткізген шараға қатысты. Қазақ деген қайсар халық барда Қарсақбаев мұрасы мәңгі жасай береді. Мерейтойлық шараларға атсалысқан барша азаматтарға алғыс білдіремін, – деді Нағашыбек Қапалбекұлы.

Шарада сөз алған Қазақстанның Халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұңғышбай Жаманқұлов: «Өнер жолы оңай емес, тайғақты жол. Өнердің биігіне шығу қиын. Оған қанаты қайратты бүркіт те, кейде жорғалап жылан да шығады. Бірақ соның ең мықтысы – қыран. Біздің Абдолла ағамыз бүркіт мінезді ерекше адам болатын. Түсірген фильмдерінің ешқайсысы бәйге-байқаудан жүлдесіз емес, бірде-бір жұмысы елеусіз қалмаған. Бүгінгі шараның аты «Қазақ киносының құлагері» деп дәл қойылыпты. Ол кісі шынында да Құлагердей өз ісінің ерен жүйрігі еді. Еңбегінің кеңінен дәріптелгені үшін ең алдымен Мемлекет басшысына, одан кейін облыс, аудан әкіміне, мәдениет басқармасына, осындағы ел-жұртқа ризамын», – деді.

Тағылымды кеш барысында сахна төрінде Дәулет Жарасбаевтың «Абдолла Қарсақбаев» атты кітабының тұсаукесер рәсімі жасалып, алғашқы оқырмандар қолына тиді. Ұлт руханиятында өшпес із қалдырған әйгілі режиссердің өнегелі өмірі мен еңбегі кеңінен дәріптеліп, қазақ кино өнерін дамытуға қосқан зор үлесін өнерпаздар жан-жақты ашып көрсетті. Фильмдерінен үзінді, кәсіби әртістердің сахналық қойылымы, кинокадр мен көркемсөз оқу, музыкалық сүйемелдеу – барлығы да бір-бірімен үйлесімді орындалды. Қазақстанның халық әртісі Дулыға Ақмолда сахнаға Абдолла Қарсақбаев кейпінде шыға келгенде, көрермен шынымен аяулы бейнемен бетпе-бет жүздесіп, тілдескендей әсерге бөленді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләлдің режиссердің сан қырын айшықты әңгімелеуі, Жұбаныш Жексенұлы мен Мәдина Сәдуақасованың салған әні, «Қоңыр» тобы, «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Құлансаз» би тобы, ішекті симфониялық камералық оркестрі, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының әншілері, Қарғалы ауылындағы балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығының өнеріне көрермен құшырлана қол соқты.

Ал бұдан бірнеше күн бұрын Жамбыл ауданының солтүстік-батысындағы кең жазықта қазақ киносының көрнекті режиссерінің құрметіне 100 шақырымдық ат жарысы ұйымдастырылды. Дүбірлі додаға Маңғыстау, Жетісу, Абай, Алматы, Қостанай облыстарынан, Астана қаласынан және көршілес Қырғызстаннан барлығы 63 сәйгүлік түсті. Қопа бекетінің маңында киіз үйлер тігіліп, дала сахнасында ән мен жыр қалықтады. Салтанатты жиында Абдолла Қарсақбаевтың қазақ кино өнеріне қосқан үлесі айтылды. Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас Алматы облысы мен Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Әскербек Абаев, белгілі атбегі Орынтай Әмірғалиев, «Ата жолы» қоғамдық қорының төрағасы Махаббат Бигелдиев, ел ағалары, атбегілер мен аудан тұрғындары бәйгені бірге тамашалады. Қаншеңгел ауылынан таңғы сағат 8-де жарыс жолына шыққан тұлпарлардың алды 3 сағаттан астам уақытта Қопа ауылындағы мәреге тұяқ тіреді.

Жүз шақырымдық қашықтыққа сәйгүліктердің ішінен жүзден жүйрігі ғана соңына дейін шапты. Нәтижесінде маңғыстаулық Нұрсағын Тұқымбайдың аты – Бесжүйрік бірінші болып келіп, бәйгеге тігілген автокөлікті жеңіп алды. Екінші болып Жетісу облысынан Аяулым Мұхамеджанның тұлпары Аққұм келді. Одан кейін мәре сызыған жетісулық Жетіжал, қырғызстандық Буран атты сәйгүліктер қиып, иелерінің мерейін үстем етті.

Жамбыл ауданында Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдығына орай жыл басынан бері өткізіліп жатқан түрлі іс-шаралар әлі де жалғасады.

Жамбыл ауданы



ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

(Басы 1-бетте)

Құжатта құдайы ас берудің тарихи мәні, анықтамасы, дін мен дәстүрдегі орны, өзектілігі жан-жақты сараланып, тәптіштеп түсіндірілді. Сондай-ақ құжатта құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегі ұсынылды. Жеті тірек ішінде шынайы ниет ету, құдайы асқа жиналу, Құран оқу, бата беру және дұға жасау, ысырапқа жол бермеу, құдайы аста уағыз-насихат айту, марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату, құдайы аста қарапайымдылықты сақтау сынды мәселелер қамтылды.

Болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шариғи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, Шариғат пен дәстүрге сәйкес келмейтін, шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы баршамызды алаңдатып отыр. Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап жер қойнына тапсырып, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты дастарқан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «Көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп ас та төк дастарқан жайып, шектен тыс шығынға батуда. Бұл орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру мәселесі өзекті тақырыптың біріне айналды.

Ауқатты отбасылар құдайы асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтіні түсінікті. Осыдан кейін жұрттан қарыз алып, қауғаланып, «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал, шын мәнінде, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» – деген.

Бүгінгі күні осы сынды жағдайлар реттелмесе, жыл өткен сайын бұл мәселе күрделене түсуі мүмкін. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжатты ел назарына ұсынды.

Ең алдымен құдайы астың негізгі мәні көпшіліктің басын қосып, марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау екенін ұмытпау қажет. Ата-бабамызды құрметтеу, олардың салған изгі жолын қадірлеу – әрбір ұрпақтың қастерлі борышы. Өйткені ата-бабалардың жүріп өткен жолы – бүгінгі ұрпақтың рухани тұғыры.

Ислам діні бұрын өткен игі буынды құрметтеп, оларды жақсы сөзбен еске алуға үндейді. Ол жөнінде қасиетті Құран Кәрімде: «Өздерінен кейін келгендер Аллаға: «Уа, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре көр! Жүрегімізде иман келтірген жандарға деген жек көрушілік, өшпенділік сынды жаман сезімнің оянуына жол бере көрме! Уа, Раббымыз! Шүбәсіз, Сен өте мейірімді һәм рақымдысың», – деп дұға етеді», – делінген («Хашыр» сүресі, 10-аят).

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген маңызды қағида бар. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі заңды құбылыс. Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі күрт өзгеруде. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, қоғамдық көзқарас пен түсініктің де күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлерін сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. Құдайы ас берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астағы дастарқан мәзірін бекітіп, сол мәзірге халықтың бірауыздан келісуі маңызды. Құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже қабылдап, оны жан-жақты дәріптеп жатқанымыз сондықтан. Бұл құжат бүгінгі қоғамдағы рухани ынтымақ-бірлікті сақтауға және заман талаптарымен санасуға ықпал етуде. Аллаға шүкір, қала мен өңірдегі мешіт жанынан ашылған асханаларда ҚМДБ бекіткен құдайы ас мәзірі бойынша дастарқан жайылып, бұл бастама көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болуда.

Қорыта айтқанда, той мен құдайы аста қонаққа жайылатын дастарқанда ысырапқа, бос мақтанға жол берілмеуі керек. Сондай-ақ әрбір жиынның белгіленген уақытта басталуы да адамдардың уақытына құрметпен қараудың белгісі. Түптеп келгенде, ол да әдеп пен мәдениетіміздің бір бөлігі.

Хақ Тағала Құран Кәрімде «Ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді» деген («Ағраф» сүресі, 31-аят). Алла Тағала біздердің асыл дінімізді берік ұстап, салтымызды сақтаған, дәстүрін құрметтеген ұрпақтан болуымызды нәсіп еткей! Уақыты мен ішіп-жемінде, дүниелік істерінде ысыраптан сақтап, дінге адал, дәстүрге берік қазақ жұртына амандық бергей. Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

Тұрғындар тілегі ескеріледі

(Басы 1-бетте)

Олар жол, жарық, ауызсу, газ мәселесі, әлеуметтік нысандардың жеткіліксіздігі, заңсыз құрылыс, автобус пен аялдамалардың жай-күйі, көпір салу бойынша сауалдарын жолдады. Тұрғындардың бірі Байсеркеден Өтеген батыр ауылына өтетін теміржол өткелінде кептеліс көп екенін айтып, соған байланысты көпір салып беруді сұрады. Аймақ басшысының сөзінше, көпірдің құрылысы келесі жылы басталады.

Тағы бір тұрғын Өтеген батыр ауылындағы стадионға жөндеу жүргізіліп, Алматы облысының футбол командасы құрылса деген өтінішін айтты. «Қазіргі таңда аталған стадион облыстық спорт басқармасының теңгерімінде. Оны аудан қарамағына өткізіп, жөндеу жұмысын бастауды жоспарлап отырмыз. Ал облыстың футбол командасы Талғардағы «Атлетико де Мадрид» академиясының базасында жасақталады. Кейін олар Қазақстан лигаларында өңірдің намысын қорғайтын болады», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

«Жастар саяжайы Жайнақ ауылының құрамына қашан кіреді?» деген де сауал қойылды. Іле ауданы әкімінің айтуынша, қазіргі таңда жоба мемлекеттік сараптамаға жолданған. Жыл соңына дейін оң қорытындысы шықса, келесі жылы елдімекенге қосылады.

Жергілікті халық сондай-ақ Қараой ауылында дәрігерлік амбулатория, Ащыбұлақ ауылдық округінде спорт кешенін салып беруді сұрады. Бүгінде екі нысанның да жобалық-сметалық құжаты дайын, қаржы бөлуге өтінім жолданған.

Ақсай ауылында мектеп мәселесі көптен бері шешімін таппай келеді. Елдімекендегі білім ошағының іргетасы 1958 жылы қаланған. Оқушылар биыл үшінші жыл қатарынан ұшауысымда оқып жатыр. Бастауыш сыныптағылар Мәдениет үйіне барып білім алуға мәжбүр. «Балаларымыз жаңа, заман талабына сай мектепке қашан ауысады?» – деген сұрақ қойды тұрғындардың бірі. «Өкінішке қарай, Іле ауданы елімізде ұшауысымды оқыту бойынша алдыңғы орында тұр. Бұл түйткілді шешу үшін бар күшімізді саламыз. Ақсай ауылында жаңа мектептің құрылысын көктемге қарай бастауды көздеп отырмыз», – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сондай-ақ азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың өтініш-талаптарына құлақ түрді. Алғашқылардың бірі болып Боралдай кентінің тұрғыны жергілікті полиция бөлімшесін кадрмен қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Ол елдімекенде учаскелік инспекторлар жетіспейтінін, полиция бөлімшесі ғимаратының техникалық жағдайы нашар екенін айтты. Бұдан бөлек, 102 қызметіне жүгіну кезінде қиындықтар туындайды. Мысалы, нөмірге қоңырау шалу әрдайым мүмкін бола бермейді. Шыңғыс Әрінов жергілікті полиция бөлімшесіне қызметтік автокөлік берілетінін жеткізді. Ол өткен айда өңірге 50 жаңа қызметтік көлік берілгенін, алдағы уақытта тағы 60 автокөлік үлестіру жоспарланып отырғанын еске салды. Сондай-ақ қызметкерлер штатын ұлғайту мәселесін пысықтап, бөлімшенің жұмысын жақсарту үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Өтініштердің тағы бірі автобус бағытына қатысты болды. Тұрғынның сөзінше, Боралдай Іле ауданындағы ауылішілік автобус қатынасы жоқ жалғыз елдімекен. Осыған орай облыс әкімі жауапты басқарма басшысына жағдайды зерделеп, қоғамдық көлік ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Жеке қабылдауда сондай-ақ жол инфрақұрылымы, саяжайдағы жер учаскелері мен әлеуметтік нысандарға қатысты сауалдар қойылды. Шыңғыс Әрінов мамандарға айтылған мәселелерді назарға алып, өтініштерді ескерусіз қалдырмауды міндеттеді.

Іле ауданы

БРИФИНГ

Ірі жобалар іске асырылуда

Кеген ауданында туризм саласы бойынша 2026-2029 жылдарда құны 22,3 млрд теңге болатын 5 жоба іске асырылуда. Бұл туралы аудан әкімі Таңат Айдарбеков Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында кеңінен сөз етті.

● Ерзат АСЫЛ

Спикердің айтуынша, Кеген ауданына отандық және шетелдік туристердің келуі жылдан-жылға арта түсуде. Бүгінде туризмді дамыту мақсатындағы инфрақұрылымды жақсарту, жолдарды жөндеу, туристік ақпарат орталықтарын ашу бағытында нақты мемлекеттік қолдау бағдарламалары іске асуда.

«Кеген ауданында 3 қонақүй және 107 қонақ қабылдайтын үй бар. Жазғы маусымда 354 қазақ үй қызмет көрсетеді. Көлсай көлдері ұлттық табиғи паркіне бүгінгі күнге дейін 497 341 турист келді. Сонымен қатар Кеген өткізу бекетінен Қырғыз Республикасына 2026 жылдың басынан 164 800 адам өтті. Шарқұдық альпинистік лагеріне 1 000-ға жуық турист келді», – деді Таңат Есенкелдіұлы.

Аудан әкімінің сөзінше, Саты ауылы, Көлсай көлдері мен Қайыңды сияқты туристік аймақтардың электр энергиясына деген сұранысын толықтай қамтамасыз ету үшін 55 шақырым болатын электр энергиясын тарту көзделген. Ал Қайыңды көліне апаратын ұзындығы 10 шақырым болатын аудандық маңызы бар автожолды күрделі жөндеу жұмысы 2025 жылдың қазан айында басталып, биыл қазан айының соңында аяқталған. Сонымен қоса Саты ауылында 1,5 гектар аумақта автотұрақ салу жобасы жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылып, оған 394,3 млн теңге бөлінген.

«Бүгінде «АЗС Compass Group» ЖШС тарапынан «Алматы – Кеген» автожолының бойында құны 2,8 млрд теңгені құрайтын сервистік кешен салу жобасы іске асырылды. Кешен құрамына жанармай құю бекеті, қонақ үй, қоғамдық тамақтану орны, электромобильдерді зарядтау стансасы және жедел қызмет көрсететін дүкен кіреді. Сонымен қоса «Строй Индустрия» ЖШС бірінші және екінші Көлсай көлдерін жалғайтын, жалпы ұзындығы 6,3 шақырым болатын аспалы жол салу жобасын іске асыруды жоспарлап отыр. Жобаның жалпы инвестициялық көлемі 15 млрд теңгені құрайды. Мұнан өзге, «ASK Capital» ЖШС Қара шатқал туристік аймағында аспалы шыны көпір салу, ал «Қара шатқал» ЖШС туристік аймақ құру жобасын іске асыруда. Сондай-ақ «The Secret Corp» ЖШС инфрақұрылымы бар қоғамдық автотұрақ аймағын салу жобасын іске асыруды жоспарлауда. Жобаның жалпы құны 2 млрд теңгені құрайды, жоба аясында 30 жаңа жұмыс орнын құру көзделген», – деді өңірдегі инвестициялық жобалар жайын баяндаған Таңат Есенкелдіұлы.

Алатау қаласы бойынша дауыс беру учаскелерінің шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына, 17-бабы 2-тармағына, 23-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/98 «Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес Алатау қаласы бойынша дауыс беру учаскелерінің шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз.

Алатау қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алатау қаласы, «Еңбек» шағынауданы, Сарысу көшесі, № 41, № 7 Жайлы мектебі, тел.: 8 (72752) 50-0-65.

Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Жазыбаев Меиршат Ерболұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Баймухамбет Куаныш Серікұлы

Комиссия хатшысы – Күшжанова Әсем Мұратқызы

Комиссия мүшелері – Алиаскарова Айымгүл Мендібайқызы, Нұрғазы Ғалымжан Жеңісұлы, Татарова Асия Латифқызы, Хойлан Алия.

№363 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Ынтымақ» шағынауданы, Мәңгілік ел көшесі № 45, №16 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Ынтымақ» шағынауданы, көшелер: Абай, Исахметов, Жамбыл Жабаев, Төле би, Мәңгілік ел, Әйтеке би, Бөлек Батыр, Қазыбек би, Дәулеткерей, Әбділдә Тәжібаев.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Қаракенова Маншүк Василийқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Әбдірахманова Мира Ошрахинқызы

Комиссия хатшысы – Төлегенова Гүлмира Сабитқызы

Комиссия мүшелері: Мұқанова Жансұлу Маметқызы, Қасымқұлова Гүліміжан Әутәліпқызы, Тоқушева Шолпан Қабдығаліқызы, Тоқан Дина Нұрланқызы.

№ 364 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жаңадәуір» шағынауданы, Мира көшесі № 3, №12 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жаңадәуір» шағынауданы, көшелер: Абай, Болысбаев № 1-82; Ленин, Мира, Молодежная, МТФ-2, Овражная, Учительская, Школьная.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Жайсембаева Шынар Николайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Төлегенова Жанаргул Төлегенқызы

Комиссия хатшысы – Баяхметова Карлығаш

Комиссия мүшелері: Бекмұқамет Арай, Қожамқұлова Жәмилә Нұрланбекқызы, Ұмарова Индира Мұратқанқызы, Капсалыкова Жанар Ахметовна.

№ 365 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жаңаталап» шағынауданы, Есіл көшесі, № 2, №11 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жаңаталап» шағынауданы, көшелер: Д.Қонаев, Сәкен Сейфуллин, Толағай, Ыбырай Алтынсарин, бау-бақша серіктестіктерінің тұтыну кооперативтері: Дачник, Дружба, Пчелка, Союз, Энергетик, Су-Шар 7, Рассвет, Рассвет-2, Победа, Акниет.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Нұрпейісов Жанболат Әлиұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Кулыбекова Толқынай Исаханқызы

Комиссия хатшысы – Байменова Айымгүл Серікқызы

Комиссия мүшелері: Ахметбекова Асел Хамитқызы, Маматқұлова Этера Дүрсінқызы, Жанботаева Жанат Хасенқызы, Сырлыбаева Айсулу Денгельбайқызы.

№ 368 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Қоянқұс» шағынауданы, Шиелі көшесі № 61, № 13 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Коянқұс» шағынауданы, көшелер: Абай, Жамбыл, Қарасай Батыр, Наурыз.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Цулаева Макка Сүпиянқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Кульбаева Гуля Сәрсенқызы

Комиссия хатшысы – Абдуллаева Рошангүл Абдулжанқызы

Комиссия мүшелері: Айдарбаева Галина Болатқызы, Сапакова Сакыбжамал Ғазизқызы, Тасболатова Арайлым Болатбекқызы, Жуыстаева Рат Төлеуханқызы, Ақыл Айгерим Кайратқызы, Мырзаханова Кенжегүл Бейсенқызы.

№ 371 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Ынтымақ» шағынауданы, Әл-Фараби көшесі № 2А, №15 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Ынтымақ» шағынауданы, көшелер: Әл-Фараби, Алматы, Жиембет жырау, Қожа Ахмет Яссауи, Молодежная, Ерғали Мұсаев, Әлмерек баба.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Жарқынбек Ултуған Данашқызы

Комиссия төрағасының орынбасары Айнабекова Мейрамгуль Телгожайқызы

Комиссия хатшысы – Айкенова Ақзия Қанатқызы

Комиссия мүшелері: Уразбаева Марал Темірбайқызы, Қабдығали Перизат Қабдығалиқызы.

№ 373 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жаңадәуір» шағынауданы, Мира көшесі № 3, №12 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жаңадәуір» шағынауданы, көшелер: Әлімжан, Болысбаев № 83, 85 А, 87 Б, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 201, 203, 205, 207, 209, 211, 213 А, 215, 217 А, 219, 221, 223, 225, 227 Б, 229, 231, 233, 235, 237 А, 239, 241, 243, 235, 247 А, 249, 251, 253 А, 255, 257 А, 259, 260, 262 А, 264 В, 266 Д, 268 Е, 270, 272, 274, 276 А, 278 Б, 280; Дәулеткерей, Жароков, Қазанғап, Қорқыт-ата, Жандосов, Саттархан, Тәттімбет, Ш. Уәлиханов, Ықылас, Сүгір, Мұратбаев, Қошқарбаев, Новостройка.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Смайлова Жанат Тұрсынқожақызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Асқарова Баян Өміртайқызы

Комиссия хатшысы – Өмірзаққызы Айнұр

Комиссия мүшелері: Әділбекова Жанбота Мәлікқызы, Түкебай Айгерім Талғатқызы.

№ 374 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Қоянқұс» шағынауданы, Абай көшесі № 2 Е, №14 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Қоянқұс» шағынауданы, көшелер: А.Иманов, Шиелі, «Қоянқұс» бау-бақша серіктестіктерінің тұтыну кооперативі:1 линия, 15 линия, 16 линия, 17 линия, 18 линия, 19 линия, 2 линия, 21 линия, 23 линия, 24 линия, 3 линия, 4 линия, 5 линия, 6 линия, 7 линия, 8 линия, 9 линия.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Саркеев Манат Токенұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Молдахинова Жадыра Зеинадиловна

Комиссия хатшысы – Өмірбекова Салтанат Дәулетбекқызы

Комиссия мүшелері: Дүйсенбаев Ерік Құрақбайұлы, Нұрмолда Бақыткелді Мәлікжанұлы, Көкенов Дәурен Асылбекұлы, Жұмағалиева Зұлхұмар Сапарқызы.

№ 375 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Қ. Қалибеков көшесі, № 5, №5 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, көшелер: Б.Момышұлы, Жампеисов Оразбай, Ш. Уәлиханов № 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169, 171, 173, 175, 177, 179, 181, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, 197, 199, 201, 203, 205, 207, 209, 211, 213, 215, 217, 219, 221, 223, 225, 227, 229, 231, 233, 235, 237, 239,241, 243; Қ. Қалибеков № 1, 2, 3; Мерей, Тәуелсіздік, Сырдария, Жұлдыз, Каспий, Бірлік, Ақжайық, Шалқар, Ертіс, Жаңаталап, Орда; тұйық көшелер: Гоголь, Горький, Жаңа ғасыр.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Исаева Жазира Рахымберлікқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Омарова Айжан Әмірғалиқызы

Комиссия хатшысы – Мұнайтбасова Назерке Төлегенқызы

Комиссия мүшелері: Тұлықбаева Салтанат Ыбырайханқызы, Дүстекова Жаныл Қабдахметқызы, Көбентаева Бибігүл Біржанқызы, Дүйсенова Сандуғаш Кәрімбекқызы.

№ 376 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Еңбек» шағынауданы, Сарысу көшесі, № 41, № 7 Жайлы мектеп.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Құйған» шағынауданы, «Жаңаарна», «Еңбек» шағын аудандары.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Мошанова Айсұлу Бекдайырқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ысқақова Динара Мазанқызы

Комиссия хатшысы – Сейткерімова Ғазиза Болатқызы

Комиссия мүшелері: Тлеумуратова Индира Султанбекқызы, Қалиев Ербол Бейсенұлы, Әділбай Тұрар Мұратбекұлы, Мұқан Жазира Бейбітқызы.

№ 377 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген», «Дорожник» № 18 А, «Ремонтно-строительное управление–1» ЖШС.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, көшелер: Ломоносов, Ә. Молдағұлова № 1-85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109; В. Панфилов № 1-79, 81; Ш. Уәлиханов № 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 122, 124, 126; Қ. Қалибеков № 3 А, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18; «Дорожник» ықшам ауданы, тұйық көше: Ақмешіт.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Қалиева Анара Ғазизқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Күбенова Мәдина Жалғасбайқызы

Комиссия хатшысы – Муратбекова Ляззат Ғайниқызы

Комиссия мүшелері: Дүйсенова Жанар Советқызы, Олжабаева Рая Нұрахметқызы, Любченко Жұмабиға Тілеуберлікқызы, Нурулаева Кузулай Ибрагимовна.

№ 378 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, № 7, «Балдырған» бөбекжай балабақшасы.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы көшелер: Айтеке би көшесі №6-52; Абай көшесі, Ыбырай Алтынсарин көшесі, Шәмші Қалдаяқов көшесі, Нұрғиса Тілендиев көшесі, Қ. Сәтпаев көшесі, Қырмызы көшесі, В. Панфилов көшесі №80-116; «ДОС» тұрғын қалашығы; Пушкин және Жамбыл көшелері.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Салиева Шынарай Сабырқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Дементьева Наталья Ахметқызы

Комиссия хатшысы – Қыстаубаева Шырын Ержанқызы

Комиссия мүшелері: Керімбаева Мейрамгүл Бесікбайқызы, Теміржанова Динара Кәріпбайқызы, Төлегенова Зұлфия Салиханқызы, Бузаева Лида Шәкізадақызы.

№ 379 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Абылай хан көшесі, № 4,, №4 Орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, көшелер: Ж. Құдайбергенов, Айтеке Би № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 13; Жетіген, Сейфуллин, Шұғылы, Қарасай батыр, Қазақстан, Маметова, Сүйінбай жырау, Абылай хан, Алпамыс батыр, Райымбек батыр, Бөгенбай батыр, Ә. Молдағұлова № 86-134; Ш. Уәлиханов № 128, 130, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 168, 170, 172, 174, 176, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 204, 206, 208, 210, 212, 214, 216, 218, 220, 222, 224, 226, 228, 230, 232, 234, 236, 238, 240, 242; Азаттық, Шәкәрім, «СМП-625», Өтеген батыр, Терешкова, Бәйтерек, Қ. Түгелбаев, Жәнібек батыр.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Мұқатова Светлана Жұмабекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Мырзатайқызы Саналы

Комиссия хатшысы – Тынымсеит Назерке Бериккызы

Комиссия мүшелері: Бакытжанулы Айкын, Амантайқызы Балжан Муратбекқызы, Валитова Нафисә Ғабитқызы, Стародедова Виктория Владимирқызы.

№ 380 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Жігер көшесі, № 86, №6 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, көшелер: Ворошилов, Нұрлы жол, Төле би, Целинная, Қожа Ахмет Йассауи, Алтай, Айнабұлақ, Жігер, Бастау, Алакөл, Ұлытау, Арал, Ақбұлақ, Шу, Талас, Қызылсу, Марқакөл, Жерұйық.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Мұсаева Гүлжайна Барлыбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары–Тұңғышбаева Жұмагүл Тұрсынханқызы

Комиссия хатшысы – Келдібаева Ардақ Ерболқызы

Комиссия мүшелері: Ибрагимова Рахиля Өтегенқызы, Туғанбеков Руслан Мұратұлы, Мәдияров Абзал Пернебекұлы, Сембаева Әсемгүл Берікқызы.

№ 381 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Жігер көшесі, № 86, №6 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, көшелер: М. Әуезов, Жетісу, Іле, Шевченко, Титов, Құрманғазы, Заңғар, Дзержинский, Астана, Ұлы дала, Шымырбек, Наурызым, тұйық көше: Достық.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Сүлейменова Камшат Уәлибекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Құсманова Шынар Сағидоллақызы

Комиссия хатшысы – Алманова Нұржамал Мәлісқызы

Комиссия мүшелері: Қоңырова Ләззат Ансағанқызы, Дакей Жанар, Жылқыбаева Айнұр Яқыпқызы, Татарова Мейханым Латифқызы.

№ 382 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, Қ. Қалибеков көшесі, № 5, №5 орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы көшелер: М.Мақатаев, Наурызбай батыр, Жібек жолы, Қабанбай батыр, Некрасов, Желтоқсан, Ақсай, Шыңғыстау, Есіл, Тарбағатай, тұйық көше: Гагарин.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Күшекбаева Дина Әділбекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Бергентай Гүлмира Бергентайқызы

Комиссия хатшысы – Тұтқышбаева Елмира Серікжанқызы

Комиссия мүшелері: Ақбаева Венера Күлембайқызы, Аманжолова Меруерт Даутқызы, Сартбаева Бағда Оралбайқызы, Тәженова Зағира Мамажанқызы.

№ 383 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, № 65229 әскери бөлімшесі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Жетіген» шағынауданы, № 65229, № 20709 әскери бөлімшелер.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Қуантай Әлімжан Құралжанұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Газиев Таймир Тәуекелұлы

Комиссия хатшысы – Кәкімжанова Жанаргүл Шәкербайқызы

Комиссия мүшелері: Сеитова Анастасия Андрейқызы, Ордаханова Улболсын Адылканқызы.

№ 892 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Дәулет» шағынауданы, ул.Үшқоңыр 34, Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар №3 жалпы білім беретін орта мектебі.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Дәулет» шағынауданы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Махметова Айгүл Абланқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Тлепбергенова Дина Максетқызы

Комиссия хатшысы – Сұлтанғазина Таңшолпан Сейдуллақызы

Комиссия мүшелері: Имаш Саяжан Ерікқызы, Зенина Татьяна Юрийқызы.

№ 953 сайлау учаскесі

Орталығы: Алатау қаласы, «Заречный» шағынауданы, Центральная көшесі, № 22, дәрігерлік амбулатория.

Шекарасы: Алатау қаласы, «Заречный» шағынауданы, көшелер: Дзержинский, Советская, Садовая, Мира, Набережная, Абай, Маметова, Рысқұлов, Тәуелсіздік, Момышұлы, Наурызбай батыр, Центральная, Өтеген батыр, Жұлдыз, Райымбек батыр, Қорқыт ата, Әуезов, Алтынсарин, Жамбыл, Сүйінбай, Амангелды, Желтоқсан көшелері, шағын аудан: № 20, Іле станциясы

